



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

технологиясы араб елдеріне біртіндеп жеткен.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. 《新唐书》卷二二一下<西域传·康国>.
2. 《资治通鉴》卷二一六, 第6904页; 《旧唐书·高仙芝传》
3. Le.Strange, The Lands of the Eastern Caliphate, Cambridge, 1905
4. Beckwith, The Tibetan Empire in Central Asia. Princeton University Press, New Jersey, 1987.
5. 周连宽: 《大唐西域记史地研究丛稿》(以下称《从稿》), 中华书1984年, 第97页

ӘОЖ 004

ЖАПОНИЯНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАР

Қуанышбек Жанна Қалдыбайқызы

janna.kuanyshbek@yandex.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ХҚФ Шығыстану кафедрасының аға оқытушысы
Ғылыми жетекшісі – Б.Ж.Абжаппарова

Технологияның дамуына қарай болашақта ақпаратты дұрыс қолдана білу маңызды болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану тиімді әрі шығармашылық ойды дамытатын білім береді деп күтілуде. Ақпараттық технология, яғни ІТ деген сөзді көп адам біледі деп ойлаймын, ақпараттық-коммуникациялық технология екеуінің мағынасы бір болып көрінгенімен, соңғы терминді төмендегідей цифрлы технологиялар арқылы 3 сөзбен сипаттауға болады:

- Интернет
- Планшет
- Цифрлы ақпарат

Қазіргі таңда Интернет кеңінен таралғандықтан кез-келген ақпаратты оңай алуға болады. Технологияның дамуына байланысты дәстүрлі білім беру жүйесі емес, ақпаратты тиімді жинау маңызды болып отыр. Міндетті бәләм беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізу оқушыларға ақпаратты қолдану мүмкіндігін үйретеді. Сонымен қатар, білім алушыларды оқыту мақсатының нәтижелерін жетістікке алып келуі мүмкін деп күтілуде.

Қазіргі білім алушыларды «электронды ұрпақ» деп атауға болады, себебі олар компьютер, планшет, смартфонның барлығын өте жетік біледі. Білім беру жүйесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізгенімен, білімнің мазмұны өзгермейді деген шындық бар. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалана отырып, тиімді оқытудың және ақпаратты қолданудың мүмкіндіктерін дамыту үшін білім беру жүйесін жетілдіру керек.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көптеген елдерде енгізіліп, қолданылып жүр, олардың ішінде цифрлы тақталар, теледидение мен камера, проекторлар, дербес компьютерлер, планшет сияқты оқу құралдары бар. Осы талған ақпараттық-коммуникациялық құралдардың барлығын тереңдетілген білім беру үшін қолдануға болады. Оқу орындарында сымсыз жергілікті торапты қосып, негізгі компьютер мен жеке планшеттерді байланыстырып қойса, ақпаратпен бөлісу тиімді болады. Сонымен қатар, білім алушылар бір аудиторияда отырып, планшеттерін қолдану арқылы материал дайындап, басқа аудиторияда отырып, планшеттерін қолдану арқылы материал дайындап, басқа аудиторияда отырғандармен бөлісіп, бірнеше рет қолдана алады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның жылдан жылға дамуының бірден бір

себебі болашақта технология үлкен қадам алға басқан сайын, қазіргі таңда адамдар жасап жүрген жұмыстың жартысын жасанды интеллект пен роботтар алмастырады және соңғылары жасай алмайтын жұмыстарда адамның құндылығы артады деген болжам бар. Дәстүрлі оқытуда оқытушы білім алушыларға Интернеттен нені оқуға болатынын үйретсе, ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану Интернет арқылы нені үйренуге және қалай тиімді қолдануға болатынын үйрететін шығармашылық дағдыларды дамытуға бағытталған [1].

Жапония еліндегі қазіргі оқу жүйесі бірқатар заңдар мен ережелерге сәйкес жасалған, соның ішіндемектептегі білім беру, оқулықтарды шығаруға қатысты уақытша шаралар туралы заң да бар және сол заңға сүйене отырып, оқулықтардың басқа оқу құралдарымен салыстырғанда ерекшеліктері бар екенін айта кеткен жөн. Қазіргі заңнамаға сәйкес Жапония еліндегі оқулықтар міндетті түрде «қағаз бетіне басылып шыққан оқулық болуы», «жалпы білім беретін мектептердің барлығында қолданылуы» керек деген шарттары мен «тегін түрде таратылуы керек» делінген алғышарттары бар.

Мектептерде электронды оқулықтар еш кедергісіз қолданылуы үшін әр түрлі экологиялық аспектілерді жақсарту, жетілдіру керек делінеді. Қазіргі таңда білім берудің инфраструктурасын жақсартуға үлкен қажеттілік бар, яғни ақпараттық-коммуникациялық технология жағдайында электронды оқулықтарды жетілдіру.

Электронды оқулықтардың қолдану түрлеріне қарай 3 категорияға бөлінген:

1. Қағаз оқулықтарын негізгі оқу құралы, ал, электронды оқулықтарды қажет болған жағдайда қосымша ретінде қолдану;
2. Қағаз оқулықтарын оқытудың мазмұнына сәйкес қолданып, электронды оқулықтарды пәннің белгілі бір бөлімдерін (мысалы, бірлік, өлшемдерді) оқытқанда қолдану;
3. Оқытудың барлық бағдарламасын қамтитын болса, электронды оқулықты негізгі құрал, ал, қағаз оқулықты қосымша ретінде қолдану [2].

Жапонияның білім, мәдениет, спорт, ғылым және технология министрлігі 2018 жылдың 20-ақпанында мектептердегі ақпараттық білім берудің іс жүзіндегі жағдайы туралы мәлімдеді. Электронды оқулықтарды жақсарту бойынша жағдайы бастауыш мектептер үшін 52,1 %, орта мектептер 58,2 % және жоғары сыныптар 12,5 % құрайды. Префектуралар бойынша Сага префектурасы ең жоғары нәтиже 98,7 % көрсетті. Одан кейінгі орындарда Ишикава префектурасы 83,1 %, Окинава префектурасы 80,3 %, Токусима префектурасы 73,9 %, Кумамото префектурасы 73 %, ал ең төменгі көрсеткішті Хоккайдо префектурасы 16,5 % - бен бастаса, одан кейінгі орындарда Симанэ префектурасы 25,9 %, Тоттори префектурасы 26,6 %, Ивате 27,8 %, Аомори 29,4 % және Канагава префектурасы 29,7 % делінген [3].

Академиялық біліктіліктерін көтеру мақсатындағы шаралармен жұмыс жасағандықтан балалардың мектепте ұстайтын сөмкелері уақыт өткен сайын ауырлануда. Ал электронды оқулықтардың бір жақсы жағы осы мәселені шешуге септігін тигізеді.

2016 жылдың желтоқсанында оқулық жасайтын мамандардың кеңейтілген жиналысында электронды оқулықтардың мазмұны қағаз оқулықтармен бірдей болуы керек, сол себепті электронды оқулық сертификаттаудан өтпесе де болады делінген. Экран бетін үлкейту, фонның түсі мен әріптерді өзгерту сияқты қызметтер мүмкіндігі шектеулі оқушыларға да ыңғайлы болатынын ескеру қажет. Сонымен қатар, электронды тақта сияқты құрылғылармен өзара жұмыс жасау оқытудың тиімділігін арттырады деп күтілуде. Электронды оқулықтарда көрсетілген URL-адресстер мен QR-кодтар оқытуға қажетті және сәйкестерімен шектеулі болуы керек, яғни оқу кезінде анықтамалық ақпарат алу үшін ғана қолданылуы керек.

Электронды оқулықтар Жапонияда қазіргі кезде де өңделу сатысында. Мектептерде ақпараттық-коммуникациялық технологияны алға жылжыту үшін цифрлы құрылғылардың қолданылуы ыңғайлы болуын қамтамасыз ету керек [4].

2016 жылдың сәуір айында Жапонияның білім, мәдениет, спорт, ғылым және технология министрлігінің жетінші сессиясында «Бастауыш және орта білім беруге арналған

оқу құралдары» деген тарау мемлекеттік саясатқа да үлкен әсер тигізетіні айтылды, соның ішінде қағаз оқулықтармен қатар қолданылатын электронды оқулықтар және оған кететін шығындарды ата-аналары өз мойындарына алуы туралы сөз етілді. Міндетті білім беруде қолданылатын электронды оқулықтар тегін болуы қажет, алайда қағаз оқулықтарды қолдануға негізделе отырып бұл шартты жасау мүмкін емес екенін де түсіну қажет. Электронды оқулықтардың бағасын нақты қою мүмкін емес. Дегенмен, ата-аналарға салмақ түсетінін ескере отырып, барынша бағасын өсірмеуге тырысу керек делінген.

Электронды оқулықтар қағаз оқулықтардағы мазмұнның кемшіліктерсіз болуын бақылайды. Екі оқу құралдарының мазмұны бірдей болатынын оқулықтар шығаратын компаниялар кепіл береді, сол себепті сертификаттаудан өтудің қажеттілігі болмайды. Қозғалатын суреттер мен ұнтаспа дыбыстары тек электронды оқулықтарда болғандықтан, оларды сертификаттаудан өту талап етілмейді.

«Білім беру жүйесінде электронды оқулықтардың орнын анықтауға арналған зерттеу» конференциясында Тохоку университетінің профессоры Тацуя Хотта мырза мәлімдегендей 2020 жылдан бастап белсенді оқыту түрі секілді оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу туралы мәселе талқыланды.

Бастауыш мектептерде 2020 жылы, орта мектептерге электронды оқу құралдары 2021 жылы енгізілетін болса, жоғары мектептерде 2022 жылдан бастап қолданыла бастайды. 2020 жылы электронды оқулықтарды қолданысқа енгізу үшін қазіргі оқу материалдарын қағаз және электронды оқу құралдарымен дұрыс қолдану үшін арнайы механизм дайындап шығаратынын мәлімдеді Хотта мырза. «Электронды және қағаз оқулықты қатар қолданып көргеннен кейін, тиімдісі мен жақсысын, яғни екі оқулықтың біреуін таңдау мүмкін болады», дейді ғалым.

2018 жылдың 23-ақпанындағы министрлер Кабинеті үкіметтік жиналыста электронды оқулықтарды ресми оқулықтар ретінде білім беру жүйесіне енгізуді қайта қарау туралы заң жобасын қабылдады. Оқу бағдарламасының аясында электронды оқулықтар қарапайым оқулықтармен қатар, ал көру қабілеті мен дамуында кемшіліктері бар оқушылар толығымен қолдануға болады делінген[5].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://resemon.jp/article/2018/02/23/43097.html>16:52
2. <http://ict-enews.net/2016/12/19mext-5/> 12.09.2016
3. <http://resemon.jp/article/2018/02/20/43015.html>18:45
4. http://www.mext.go.jp/b_menu/shingi/tosho/toushin/1386149.html
5. <http://japan.zdnet.com/article/35081649> 22.04.2016г. 13:56

УДК 338

ЮЖНОКОРЕЙСКАЯ МОДЕЛЬ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

МайкибаеваАлияКанатовна

maikibaeva_aliya@mail.ru

Магистрант1 курса факультета Международных отношений,
кафедры Востоковедение ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель –Ильясова К.М.

На сегодняшний день экономика Южной Кореи является 4-ой по величине в Азии и 11-ой по величине в мире, обойдя даже нефтедобывающие и газодобывающие страны. Страна с смешанной экономикой, в которой доминируют родственные конгломераты, называемые «чеболям». Также Южная Корея славится впечатляющим подъемом из одной беднейших стран в развитую страну с высоким доходом всего лишь за одно поколение. Это экономическое чудо, больше известное как «чудо на реке Ханган», дало возможность